№42
(8142)

20 қазан
Сейсенбі,
2026 жыл
uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

КҮЗ ОРТАСЫНАН АУДЫ. ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ ҚАЛАЙ?

ӨҢІРДЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ. ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖЕМШӨПТІ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ, ШАРУАЛАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛІП ОТЫРҒАН ҚОЛДАУЛАР – МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУҒА ОРАСАН ЗОР СЕПТІГІН ТИГІЗУДЕ. АЛАЙДА ТАБЫСЫНА ҚАРАЙ АТАЛҒАН ІСТІҢ МАШАҚАТЫ ДА АЗ ЕМЕС. ЖҮЗДЕГЕН ҚОЙДЫ КҮНДЕЛІКТІ БАҒУДАН БАСТАП, МАЛДЫ ТӨЛДЕТУ, ҚОЙДЫ ҚЫРҚУ СИЯҚТЫ АЙНАЛЫП КЕЛЕ БЕРЕТІН ЖҰМЫСТАР КӨП...



Ал, қолындағы азын-аулақ малына азық дайындауда қарапайым тұрғындар малдан алынатын өнім азығына тәуелді екенін ескере бермейді. Бәрі де аз шығынмен мол табысқа кенелгісі келеді. Малдың сырын білетін қазақ «Сиырдың сүті – тілінде» деп бекер айтпаған ғой.

Түптеп келгенде алатын өнім беретін жемшөпке тікелей байланысты. Істің мәнін білмейтін көп шаруаның ұтылар тұсы да осы. Басты қателігіміз – қысқа қолға қалатын малға қажетті азықты толық қамтымау. Сосын қыс ортасында шөбі ортая бастаса, күнделікті азығын азайта бастайды. Содан барып арық малға ауру үйір болады. «Бас білетін өгізге «өк» дегеннің өзі өлім» дегендей, ауылдағы шаруаның жайын білетін адамға ақыл айту артық. Бірақ, «қылышын сүйретіп келіп қалған» қыс бейқамдықты көтермейді. Ешкімнің қамына қарамайды. Қара күзде шабылған сарғайған шөптің сапасына сын айту енді ешқандай қисынға сыймайды.

Әрине, ештен кеш жақсы.

Қазан қара жаңбырмен басталды. Қазір мизам шуағы мейірімін төгіп тұрғанымен, күздің лебі толық сезілді. Етекжеңімізді жинайтын уақыт өтіп барады. Әрине, ауданда бір жарым жылдық мал азығы толық дайындалды. Арнайы қор жасақталып, бірнеше шаруа қожалық басшыларымен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі келісім-шарт жасап, меморандумға отырды. Бірақ, тасымал жұмысы әлі де толық аяқталған жоқ. Содан келіп кейбір отбасылардың малына қажетті азығы әлі де жеткіліксіз. Негізінен Ойыл селосының тұрғындары әлі асығар емес. Бұл ауданның бүкіл көрсеткішін де кері тартып тұр.

Әрине, ақпарат малға азық болмайды. Сондықтан, аудан әкімі олардың толық мал азығымен қамтылуын ұдайы назарда ұстап отыр. Ойыл селосы тұрғындарына мал азығының қажеті тағы бір саралanып, талданды. Аптаның әр сенбісінде арнайы шөп жәрмеңкесі де ұйымдастырылып отыр.

«Шөбі көптің малы тоқ» - деген аталарымыз бәрін басынан кешкесін айтты. Біз арқаны кеңге салып жүріп, «қолымызды мезгілінен кеш сермеп» қалмасақ болды.

Биыл облыста егін бітік шығуы да бізге көп көмек болып тұр. Арпаның да бағасы су арзан. Тоннасы 85 мың теңгеден күн құрғатпай келіп жатыр. Сондықтан, ерте қимылдағанның есебі түгел, ұтары көп. Құнарлы азық малға да, дәтке де қуат!

Сөрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ СӘКЕН ҒАЗИЗҰЛЫ ЗАЙМОЛДИННІҢ АУДАН ХАЛҚЫН ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ – РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ!



Ардақты ағайын!

Баршаңызды еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы Декларация – Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалаған тағдырлы құжат. Бұл күн – халқымыздың ерік-жігерін, тәуелсіздікке деген ұмтылысын паш еткен ерекше тарихи белес.

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Ұлттық мерекеміз ел мерейін асқақ етіп, бойымызда мақтаныш сезімін тудыртып, жеткен жетістіктер мен алған асуларымыздың мәртебесін биіктете түседі.

Биылғы жыл ауданымыз үшін де толайым табыстар мен маңызды жаңалықтарға толы болды. Халық көптен күткен Ойыл–Ақтөбе автожолындағы көпірдің іске қосылуы – тұрғындардың қауіпсіз қатынауына, ауданның әлеуметтік-экономикалық байланыстарының нығаюына жол ашқан маңызды оқиға. Сонымен қатар, жаңа мектеп пен балабақшаның пайдалануға берілуі – өскелең ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына жасалған нақты қадам, болашаққа бағытталған игілікті іс. Төрт елді мекенге газ жүргізіліп, көгілдір отынның игілігін көре бастады.

Бұл нысандар – елді мекендердің дамуына серпін беріп қана қоймай, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, балалардың болашағына қолайлы жағдай жасауға бағытталған жұмыстардың жемісі. Мұның барлығы – мемлекетіміздің азаматтар игілігіне арналған саясатының, ел мүддесі жолындағы бірлескен еңбектің айқын көрінісі.

Осындай игілікті істер ауданымыздың әлеуетін арттырып, тұрғындардың туған жерге деген сенімін нығайта түседі. Алдағы уақытта да ел игілігіне бағытталған жұмыстар жалғасын тауып, Ойылымыздың өркендеу жолындағы қадамдары нәтижелі бола берсін!

Біздің қол жеткізген оң көрсеткіштеріміз бен нәтижелі жұмыстардың барлығы – бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында жасалуда. Әлі де межелі асу мол, жетістігіміз алда.

Қадірлі жерлестер!

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақыл қанша уақыт өтсе де өз құндылығын жойған жоқ. Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтау баршамызға берілген міндет. Мықты мемлекет болудың да негізі осы.

Баршаңызды Республика күнімен тағыда құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, толайым табыстар тілеймін!

Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Ізгі тілекпен,
Ойыл ауданының әкімі Сәкен Ғазизұлы Займолдин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілді органдар.

Мәслихаттар депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең тәте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың;

сотталғандығы заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адамның;

сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен танылған адамның сайлануға құқығы жоқ.

Астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша депутаттардың жартысы, екінші жартысы - бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Аудандар мен қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Мәслихаттар депутаттығына:

- партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;
- бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

2026 жылғы 12 қазан

Қазақстан Республикасы Конституциясының 88-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды тағайындау, оны дайындау мен өткізуді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана қаласының, облыстардың, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 12 қазан
№ 1521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

13 қазан 2026 жыл
Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының 14) тармақшасына, 101-бабының 3-тармағына, 103-бабының 7-тармағына, 104-бабының 8-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» 2026 жылғы 12 қазандағы № 1521 Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылғы 29 қарашаға Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы тағайындалсын.

2. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну және өзін-өзі ұсыну мерзімдері 2026 жылғы 14 қазаннан бастап 2026 жылғы 27 қазандағы сағат он сегізге дейін белгіленсін.

3. Партиялық тізімдерді, мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі 2026 жылғы 1 қарашада сағат он сегізде аяқталатын болып белгіленсін.

4. Астананың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, қалалардың, аудандардың аумақтық сайлау комиссиялары және округтік сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға Н. Әбдіров
Хатшы Ш. Өтемісов

Астана қаласы,
2026 жылғы 13 қазан,
№ 60/98

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ-2026

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ кезектен тыс сайлауы 2026 жылғы 29 қараша

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі №56 а,
тел.: 8(71332) 2-16-10

Бисекенов Берік Төлеуұлы - төраға
Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы – төрағаның орынбасары
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы - хатшы

Комиссия мүшелері:

Досымбаева Мира Бауыржанқызы
Маханова Самал Асқарқызы
Қартбаев Серік Сағынұлы
Шаймаков Медет Шекеұлы

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№ 1 округтік сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Көкжар 69, «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты, телефон (8–71332) 2–10–20

Бақтыгереев Айбек Бақытұлы – төраға
Карасаев Айбат Галимжанович – төрағаның орынбасары
Тлепова Әлия Сәулебайқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Ихсанова Салтанат Нұрлыбекқызы
Төлесинова Гүлмира Болатқызы

№ 2 округтік сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Құрманов 70, «Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ғимараты, телефон (8–71332) 2–11–05

Бақтыгереев Болат – төраға
Рахметова Райхан Қалыбайқызы – төрағаның орынбасары
Өтенова Назгүл Ахметқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Төлеушева Ұлмекен Сәрсенбайқызы
Төлегенова Гүлнар Қойшықызы

№ 3 округтік сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Шернияз көшесі 65, «Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы» КММ ғимараты, телефон: 871332 2-16-21

Сәттібаев Арман Каримоллаұлы – төраға
Нұршин Есет Жалғасұлы – төрағаның орынбасары
Шохабаева Салтанат Нұрланқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Дәуленова Гүлжазира Кеңесқызы
Қамтиева Ирина Қайыржанқызы

№ 4 округтік сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 56, «Ойыл аудандық оқушылар үйі» КММ ғимараты, телефон: 871332 2-14-50

Абдуллин Қосым Тайбасұлы – төраға
Бисекенов Жеңіс Төлеуұлы – төрағаның орынбасары
Төлеубаева Қадиша Отарбайқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Андрей Алтынай Ерболқызы
Султанова Эльмира Алпамысовна

№ 5 округтік сайлау комиссиясы
Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19 «Ойыл денешынықтыру–сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72–0–09

Шотанов Түгелбай Ербазыұлы – төраға
Тасқынбаев Талғат Байназаруұлы – төрағаның орынбасары
Өскенбаева Тәлия Жұмағұлқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Аманғосов Алмас Сәрсенбайұлы
Есенғазина Дидар Ізденқызы

№ 6 округтік сайлау комиссиясы
Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі 9, «Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі Қаратал ауылдық спорт залы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73–2–62

Максимов Ерсұлтан Кожамкулович – төраға
Тағанов Рахметолла Түнғатарұлы – төрағаның орынбасары
Сагатова Жулдызай Болатовна – хатшы
Комиссия мүшелері
Сагиев Турган Даулетиярович
Султанова Гулнара Жарилкатовна

№ 7 округтік сайлау комиссиясы
Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, «Көптоғай ауылдық клубы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74–5–44

Омарова Әлия Едігеқызы – төраға
Ниязов Мақсат Ермекұлы – төрағаның орынбасары
Асхатұлы Бекжан – хатшы

Комиссия мүшелері
Идиятов Асылбек Қуанышбайұлы
Қожасаева Динара Құрмантайқызы

№ 8 округтік сайлау комиссиясы
Сарбие ауылы, Әйтекеби көшесі 18 «Сапақкөл орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 35–2–15

Жүсіпов Лэкмар Әнесұлы – төраға
Нұржанова Жанат Құмарқызы – төрағаның орынбасары
Қонысқызы Айым – хатшы
Комиссия мүшелері
Әлжанова Қанипа Ақсейілқызы
Үбниямова Әйгерім Қалабайқызы

№ 9 округтік сайлау комиссиясы
Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі 26 «Қараой мектеп–балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73–7–20

Хамзин Жақсылық Самиғоллаұлы – төраға
Алпанов Кайырбек Манарбекович – төрағаның орынбасары
Қабылова Гүлдерайым Серіккызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Аханова Роза Әділханқызы
Бисешова Айтбике Аманғосқызы

№ 10 округтік сайлау комиссиясы
Кемер ауылы, Ботакөз-2 көшесі 12, «Ойыл аудандық малдәрігерлік стансасы Саралжын ауылдық малдәрігерлік пункті» МКҚК ғимараты, телефон: 8 (71332) 74–0–41

Бегалин Берік Ідірісұлы – төраға
Төреқұлов Съезбек Төребекұлы – төрағаның орынбасары
Мұхамбетқазиева Малика Октябрқызы – хатшы
Комиссия мүшелері
Жалғасов Сейілхан Жеңісұлы
Исағалиева Ақерке Бақытбекқызы

№ 11 округтік сайлау комиссиясы
Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 8, «Саға мектеп–балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74–8–19

Мусагалиева Талига Мергеновна – төраға
Қошқаров Абат Тұрғалиұлы – төрағаның орынбасары
Кәдірғалиев Мейірбек Ерболұлы – хатшы
Комиссия мүшелері
Баимбетов Марат Куатжанович
Теңелов Байтұрсын Жаңабайұлы

Сайлау комиссияларының жұмыс уақыты: күн сайын сағат 09:00-18:00, түскі үзіліс сағат 13:00-14:00

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы №18 қаулысына қосымша

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 1 сайлау округі
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 69, «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ телефон: 8(71332) 2-10-20

Ойыл ауылының шекарасында: Құрманғазин Бейсұлла көшесі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87; Көкжар көшесі 31, 32А, 38, 39, 40, 41, 44, 45, 48, 53, 54, 55, 57, 64; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30; Дәуленов Сәлкен көшесі 1, 3, 4, 6, 7, 9, 9А, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 25, 27, 29, 33; Екібаев Амантұрлы көшесі 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52; Берсиев Шығанақ, Жолмырзаев Байсалбай көшелері.
Ойыл ауылдық округінің Ақшатау ауылының шекарасында.
Сайлау учаскелері кіреді: №389, 395

№ 2 сайлау округі
Ойыл ауылы, Құрманов көшесі 70, «Ойыл аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ телефон: 8(71332) 2-11-05

Ойыл ауылының шекарасында: Құрманов Исламғали көшесі 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58/1, 58/2, 59/1, 59/2, 60/1, 60/2, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 62/3, 63/1, 63/2, 64, 65, 66, 67, 68, 69/1, 69/2, 71, 73, 74,75, 76, 78А, 80, 82, 84/1, 84/2, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 31, 32, 33, 35, 36, 36А, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2; Аманкелді Иманов көшесі 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13А, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Дәуленов Сәлкен көшесі 24/1, 24/2, 26, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2; Ержанов Қуаныш көшесі 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 33; Еркінов Шүкір көшесі 1, 2А, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 9А, 9Б, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13А, 15/1, 15/2, 15/3, 17/1, 17/2.
Ойыл ауылдық округінің Қаракемер ауылының шекарасында.
Сайлау учаскелері кіреді: №390, 394

№ 3 сайлау округі
Ойыл ауылы, Шернияз көшесі 65, «Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы» КММ телефон: 8(71332) 2-16-21

Ойыл ауылының шекарасында: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64; Құрманғазин Бейсұлла көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16; Көкжар көшесі 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 25, 26, 28, 29, 30; Құрманов Исламғали көшесі 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 23, 24; Екібаев Амантұрлы көшесі 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32; Масатов Сауытбай, Қарақұлов Ишанбай, Оноприенко Николай, Дүсіпов Үмбет, Төлебаев Мұса, Қлипанов Отар көшелері.
Сайлау учаскелері кіреді: №391

№ 4 сайлау округі
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 56, «Ойыл аудандық оқушылар үйі» КММ
телефон: 8(71332) 2-14-50

Ойыл ауылының шекарасында: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105А, 105Б, 106, 107, 107Б, 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125А, 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 135, 137, 139, 145, 147; Көкжар көшесі 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 124, 125, 126; Абай Құнанбаев көшесі 1/1, 1/2, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19; Аманкелді Иманов көшесі 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9; Ержанов Қуаныш көшесі 1, 2, 3, 5, 7, 9; Бақаев Бауетдин, Тапалова Нұрсұлу, Медетбаев Дауылбай, Байғанин Нұрпейіс, Молдағұлова Алия көшелері.
Сайлау учаскелері кіреді: №392

№ 5 сайлау округі
Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл аудандық денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ, телефон: 8(71332) 72-0-09

Ойыл ауылының шекарасында: Құрманов Исламғали көшесі 77/1, 77/2, 79/1, 79/2, 81, 81А, 83, 85, 87, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108; Абай Құнанбаев көшесі 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 26, 27, 29, 31; Еркінов Шүкір көшесі 8, 8А, 10, 12, 14, 16, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 30, 31, 34, 35, 36, 37, 38, 39А, 40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59; Алтынсарин Ыбырай, Сатпаев Қаныш, Әл-Фараби, Асанқайғы жырау, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Қаңтарбаев Тұрғали, Құрманғазы Сағырбаев, Халел Досмухамедұлы, Рәбиға Сыздық көшелері.
Сайлау учаскелері кіреді: №568

№ 6 сайлау округі
Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі 9, «Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі Қаратал ауылдық спорт залы» КММ, телефон: 8(71332) 73-2-62

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің Қаратал, Құмжарған, Қарасу ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №396, 397, 398

№ 7 сайлау округі
Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, «Көптоғай ауылдық клубы» КММ,
телефон: 8(71332) 74-5-44

Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай, Аманкелді, Қарасу, Шұбарши ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №399, 400, 401, 402, 569

№ 8 сайлау округі
Сарбие ауылы, Әйтеке би көшесі , 48, «Сапақкөл орта мектебі» КММ,
телефон: 8(71332) 35-2-15

Сарбие ауылдық округінің Сарбие, Қаракөл ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №404, 405

№ 9 сайлау округі
Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі 26, «Қараой мектеп-балабақшасы»,
телефон: 8(71332) 79-0-20

Қараой ауылдық округінің Қараой, Құбасай ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №406, 407

№ 10 сайлау округі
Кемер ауылы, Ботакөз-2 көшесі 12, «Ойыл аудандық малдәрігерлік стансасы Саралжын ауылдық малдәрігерлік пункті » МКҚК,
телефон: 8(71332) 74-1-41

Саралжын ауылдық округінің Кемер, Қоңырат, Шиқұдық, Бестамақ, Ақкемер ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №408, 409, 410 ,411

№ 11 сайлау округі
Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 8, «Саға мектеп-балабақшасы» КММ,
телефон: 8(71332) 74-8-19

Қайынды ауылдық округінің Ақжар, Көсембай ауылдарының шекараларында.
Сайлау учаскелері кіреді: №412, 413

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары

Жалпы әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асырумен жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады.
Сонымен қатар тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету және жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту екені баршамызға мәлім.
Әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.
Құқықтармен заңды мүдделерді қорғау бойынша әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.
Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.
Әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.
Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Заңымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, аталған кодекс талаптары бойынша халық мүддесі үшін бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.
Осы кодекс 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа еңгізілгендігі баршамызға мәлім. Осы аталған Заңда әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары нақты айтылған.

Г.ТАНКИЕВА,
Ойыл аудандық соты әкімшісінің басшысы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 13 қазаннан бастап 28 қазанына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 28 қазанға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96

электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссии.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 13 октября по 28 октября 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 28 октября 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 568 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 395 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 409 учаскелік сайлау комиссиясы	1

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование участковой избирательной комиссии	Число вакантных мест
Участковая избирательная комиссия № 389	1
Участковая избирательная комиссия № 568	1
Участковая избирательная комиссия № 395	1
Участковая избирательная комиссия № 409	1

ВАКЦИНА - ТУЛЯРЕМИЯДАН ҚОРҒАЙДЫ



Күз және көктем айларында табиғи ошақтарда жұқпалы аурулардың белсенділігі артады. Солардың ішінде ең қауіптісі, әрі жиі кездесетіні - туляремия. Жыл сайын бұл дерттің алдын-алу мақсатында мамандар дабыл қағып, сақтық шараларын жүргізеді. Аурудан қорғанудың ең тиімді әрі ғылыми дәлелденген жолы - дер кезінде екпе (вакцина) алу. Туляремияға қарсы вакцинация – аурудың алдын-алудың ең пәрменді әдісі. Қолданылатын тірі туляремиялық вакцина жоғары тиімділігімен ерекшеленеді. Екпе егілгеннен кейін шамамен 20-30 күннен соң ағзада берік иммунитет қалыптасады. Бұл қорғаныс адам бойында 5 жылға дейін сақталады. Бес жыл өткен соң, қажеттілікке қарай, ревакцинация (қайта екпе салу) жүргізіледі. Вакцинаны туляремия ошағы бар аймақтарда тұратын тұрғындарға, сондай-ақ қауіп-қатер тобына жататын мамандарға (мал шаруашылығы қызметкерлеріне, егіс даласында жұмыс істейтіндерге, аңшыларға және орманшыларға) екпе салдыру өте маңызды. Вакцинация 7 жастан асқан балалар мен ересектерге тері үстіне (сызат түсіру арқылы) жасалады. Кез-келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын-алған әлдеқайда жеңіл әрі қауіпсіз. Өзіңізді және жақындарыңызды қауіпті инфекциядан қорғаңыз.

Асылзат ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің бастығы.

ЖҰҚПАЛЫ АУРУҒА ШАЛДЫҚПАУДЫҢ ЖОЛЫ – ЕКПЕ!

Жұқпалы аурулардың алдын-алу уақтылы вакцинациялауға және жеке гигиена ережелерін қатаң сақтауға негізделген. Инфекциялар дүние жүзінде ауру мен өлімнің басты себебі. Оларға әсіресе жас балалар, қарт адамдар, созылмалы аурулары бар науқастар, онкологиялық аурулардан емделетін немесе иммуносупрессиялық препараттарды қабылдайтын науқастар, иммунитет тапшылығы бар науқастар осал.

Кез-келген басқа да аурулар сияқты жұқпалы аруларды емдегеннен, болдырмау оңай. Оның жолы: екпе жасау, шынығу, таза ауада серуендеу, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, жеке бас тазалығын сақтау, зиянды әдеттерден бас тарту, қоршаған ортаны қорғау. Жұқпалы аурулардың алдын-алу, таралуын шектеу және жою мақсатында екпе жасау арқылы иммунопрофилактика жүргізіледі. Аурудың алдын-алудың қандай әдісі болмасын, ол дертті болдырмауға мүмкіндік беретіні өте маңызды.

Жұқпалы аурулардың алдын алып, олардың таралуына жол бермеу үшін гигиена мен дене шынықтыруға төзімділігін арттыру, профилактикалық егулерді уақытылы алу, карантиндік іс-шаралар мен инфекция көзін емдеу керек!

Жұқпалы аурулардың алдын-алудың ең тиімді әдісі – екпе!

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

АФРИКАЛЫҚ ШОШҚА ОБАСЫ

Шошқа обасы - шошқаның вирус арқылы таралатын жұқпалы індеті. Шошқалардың аса қауіпті жоғары жұқпалы вирустық ауруы, қызба, тері цианозы (көкшіл) немесе гиперемия (қызару), ішкі ағзаларындағы кең геморрагиялармен сипатталады. Жыл мезгіліне қарамастан барлық тұқымдағы және еметін жас торайлар, үй шошқалары ауырады. Жануарлардың басқа түрлеріне,сондай-ақ, адамдарға вирус жұқпайды.

Инфекция көзі - ауру жануарлармен вирус тасымалдаушылар (жабайы шошқалар). Қоздырғыштың берілу факторлары - ауру жануарлардың секрецияларымен ластанған жем, жайылым, көлік құралдары. Жануарларда дене қызуы 41-42 С-қа дейін көтеріледі. Дененің әртүрлі бөліктерінің терісінде, әсіресе іштің маңайында, шаптың беттерінде күлгін-қызылдақтар, қанталау және гематомалар пайда болады. Ауру алғаш пайда болған кезде аурушаңдығы мен өлім-жітімі 100%-ға жақындайды. Африкалық шошқа обасының алдын алудың тиімді құралдары (вакциналар) әлі әзірленбеген, емдеуге тыйым салынады. Инфекция ошағы пайда болған жағдайда (карантин), ауру шошқа басын қансыз әдіспен толығымен жою, сондай-ақ ошақ пен одан 20 шақырым радиуста барлық шошқаларды жою қолданылады. Ауру және ауру жануарлармен байланыста болған жануарлар кейіннен өлекселерді өртеп союға жатады.

ҚР АШМ ВБжҚ Комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспециясы

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру

Жастар тәжірибесі - жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге мамандығы бойынша алғашқы тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Жастар тәжірибесіне 35 жасқа толмаған, оқуын аяқтағаннан кейінгі 5 жыл ішінде жастар жіберіледі. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Еңбек уақыты еңбек өтіліне есептеледі. Жалақы мөлшері — 30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК).

Қоғамдық жұмыстар - жұмысшының алдын-ала кәсіби дайындығын талап етпейді, қала үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар және жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз етеді. Қоғамдық жұмыстар көбінесе төмен білікті, қосалқы және көмектесші жұмыстар болып табылады. Қоғамдық жұмыстарға жұмыссыздар, оқу уақытынан тыс уақытта студенттер және мектептің жоғарғы сынып оқушылары қатыса алады. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Еңбек уақыты еңбек өтіліне есептеледі. Жалақы мөлшері кемінде 35 АЕК.

Әлеуметтік жұмыс орындары - жұмыс берушілер тарапынан жұмыссыздарды, оның ішінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардың мүшелерін, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған тұлғаларды және әлеуметтік осал топтарға жататын басқа да тұлғаларды жалақысын субсидиялау арқылы жұмыспен қамту үшін құрылады.

Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Ай сайынғы субсидия көлемі белгіленген жалақының 35%-ын құрайды, бірақ 24 АЕК-тен аспайды.

«Күміс жас» жобасы — жұмыс беруші тарапынан зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдарды жұмыспен қамтуға арналған жұмыс орны.

Қатысушылар 50 жастан асқан жұмыссыздар. Қатысу мерзімі 36 айдан аспайды.

Жалақы мөлшері:

• алғашқы 12 айда – жалақының 70%

• 13-24 ай аралығында – 65%

• 25-36 ай аралығында – 60%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқыту.

Кәсіпкерлік негіздері порталы business.enbek.kz сайтында онлайн оқытылады. Оқыту курсының ұзақтығы басталған күннен бастап 14 күннен аспайды. Сертификат жеке кабинетте көрсетіледі және алынған күннен бастап үш жыл бойы жарамды.

Жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар беру

Грантқа үміткерлер «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқыған, Мансап орталығында тіркелген жұмыссыздар, бастапқы жеке кәсіпкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Гранттар әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға бастапқы бизнесті жүзеге асыру үшін қайтарымсыз және ақысыз негізде 400 АЕК көлемінде беріледі.

Қысқа мерзімді кәсіби оқыту

Оқу мерзімі 1 айдан 6 айға дейін. Оқу ұйымдарында кәсіптік оқудан өтуші қатысушыларға мемлекет тарапынан оқу ақысы төленіп, 43 574 теңге мөлшерінде стипендия, медициналық тексеруден өту үшін 2 АЕК көлемінде материалдық көмек қарастырылады. Сонымен қатар, жұмыс берушінің жұмыс орнында тәжірибеден өтетін кезеңде ай сайын 20 АЕК мөлшерінде жалақымен қамтамасыз етіледі.

Ойыл аудандық мансап орталығы

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ – КАПИТАЛДЫ ТОЛЫҚТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Ерікті зейнетақы жарнасының ерекшелігі — зейнетақы жинағыңызды өз қалауыңызға қарай толықтыра аласыз. Жарна мөлшері мен оны аудару жиілігін әр адам өзі белгілейді. Ал жинақ бойынша төлемдерді белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпей-ақ алуға мүмкіндік бар.

Ерікті жарнаны азаматтың өзі де, жұмыс беруші де төлей алады. Жұмыс беруші аударған мұндай жарна қызметкердің табысы болып саналмайды және жеке табыс салығы салынбайды.

Жинақтарыңыз туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен және БЖЗҚ/ЕНПФ мобильді қосымшасынан тексере аласыз.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.


Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1287 дана. Тапсырыс 1637
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ШЫҒАНАҚ – 145

ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ — ҰРПАҚҚА МІНДЕТ!



Биыл Ойыл атын әлемге ақ тарысымен әйгілі еткен даңқты диқан Шығанақ Берсиевтің туғанына 145 жыл толып отыр. Ел мақтанышына айналған ұлы тұлғаның есімін ұлықтап, рухына құрмет көрсету – кейінгі ұрпақтың парызы. Осы мерейлі датаға орай Ш. Берсиев ауылдық округіне қарасты туған жері және соңғы демі таусылып, ата қонысына жерленген жері – Қарасу елді мекені. Аудан әкімінің қолдауымен осы Қарасу жеріндегі Жұлдыз Кете руына тиесілі кесенесі /Мавзолейі/ мен бейітін күтіп-баптау, абаттандыру жұмыстары мәдениет саласының қызметкерлеріне тапсырылған болатын.

Осы бағытта игілікті іске музей, архив, орталық кітапхана және ауылдық кітапханалар ұжымы бір кісідей атсалысып, өз үлестерін қосты. Аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен бастаған мәдениет саласының қызметкерлері 1946 жылы Шығанақ Берсиевтің құрметіне тағызым етуге байланысты Т. Бәсеновтің салған кесенесін тазалап, ескі қабаттарын қырып, ішкі тары масақтары бейнесін сылап, әктеу жұмыстарын жүргізді.

Мұндай игі істер – туған жердің тарихын қастерлеудің, елге еңбегі сіңген тұлғалардың мұрасын сақтаудың жарқын үлгісі. Еңбекқорлығымен әлемге танылып, қазақ халқының абыройын асқақтатқан Шығанақ Берсиевтің өмір жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге болып қала береді.

Ата рухына тағзым ету арқылы біз тарихымызды түгендеп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейміз. Ұлы диқанның есімі ұлықталып, өнегелі жолы ұрпақ жадында мәңгі сақтала бермек.

Рақима САҒАТОВА,
Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АНАСЫНЫҢ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН КІТАПХАНАШЫ

АНАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫНА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕП, ӨЗІ ДЕ СОЛ МАМАНДЫҚТЫ ӨМІРЛІК СЕРІГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ЖАНДАР БАР. ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АҚЖАР АУЫЛДЫҚ МОДЕЛЬДІ КІТАПХАНАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН НАЗГҮЛ ҚАЗИЕВА — СОНДАЙ ЖАНДАРДЫҢ БІРІ. ОЛ ҮШІН КІТАПХАНА САЛАСЫ КЕЗДЕЙСОҚ ТАҢДАЛҒАН МАМАНДЫҚ ЕМЕС, БАЛА КҮНІНЕН ТАНЫС, АНАСЫНЫҢ ӨНЕГЕСІМЕН ЖҮРЕГІНЕ ЖАҚЫН БОЛҒАН ЕҢБЕК ЖОЛЫ.

Назгүл Қазиева 1971 жылы 3 шілдеде Қайыңды ауылында дүниеге келген. 1985–1988 жылдары Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде кітапхана ісі мамандығы бойынша білім алып, 1988 жылы еңбек жолын туған ауылындағы кітапханадан бастады. Содан бері 38 жыл бойы осы саладан қол үзбей келеді. Кейін кітапханалар біріктірілгеннен соң, Ақжар ауылдық модельді кітапханасында жұмысын жалғастырды.



Оның мамандық таңдауына анасы Зерім Айтназарованың әсері ерекше болды. Кітапхана саласында 30 жыл еңбек еткен анасының жұмысын көріп өскен Назгүл апай кітапқа жақын ортада тәрбиеленді. Бүгінде анасы өмірде болмаса да, оның өз жолын таңдауға ықпал еткенін үлкен ризашылықпен еске алады. Анасының ізін жалғап, өзі де ондаған жыл бойы осы салада еңбек етуі — отбасынан дарыған өнегенің жалғасындай.

Кітапханашының еңбегі кітап беріп, оны қайтарып алумен ғана шектелмейді. Әр оқырманның сұранысын түсініп, іздеген кітабын тауып беру, талғамына сай шығарма ұсыну, жаңа әдебиеттерді тіркеу, кітап қорын реттеу, мәдени-танымдық шаралар өткізу — күнделікті жұмыстың бір бөлігі. Мұның бәріне ұқыптылықпен қатар, кітапқа деген сүйіспеншілік пен адамдармен тіл табыса білу де қажет.

Назгүл апайдың жадында кітапханаға бала кезінен келіп жүрген оқырмандардың орны бөлек. Солардың бірі — А.Наурызбаева. Ол кітапханаға кішкентайынан келіп, кейін тұрмысқа шыққан соң да отбасымен бірге кітап оқуды жалғастырған.

Ал зейнеткер Жоламан ағай шетел авторларының шығармаларын сүйіп оқып, кітапхана ұйымдастырған әдеби шараларға да шынайы ықыласпен қатысқан. Осындай оқырмандардың жылдар бойы кітапханамен байланысын үзбеуі кітапханашы үшін үлкен қуаныш.

Кейіпкеріміздің айтуынша, оқырманның алғысы мен ақ батасы — еңбектің ең бағалы сыйы. Бүгінде жастар арасында заманауи әдебиетке, психологияға, өзін-өзі дамыту мен мотивациялық кітаптарға қызығушылық басым. Ал аға буын өкілдері тарих пен қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларын көбірек іздейді. Назгүл апайдың өзі де кітап әлемінен рухани нәр алады. Сүйікті ақыны — Мұқағали Мақатаев. Ақынның қарапайым сөзбен терең ой жеткізе білуі оның шығармашылығына деген құрметін арттырған.

Кітапхана жұмысының жаңарып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан кезеңі - 2014 жыл. Сол жылы мекемеге «Модельді ауылдық кітапхана» мәртебесі беріліп, бағдарламашы штаттық бірлігі ашылды. Заманауи технологиялар мен қажетті жабдықтардың келуі оқырманға қызмет көрсетудің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. Назгүл апай осы өзгерістермен бірге кітапхана жұмысының да жаңа бағытта дамуына атсалысты. Ол аудандық семинар өткізуге қатысып, «Оқитын өлке» өңірлік акциясы аясындағы шараларға да үлес қосты.

Жылдар бойғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. 2024 жылғы 21 мамырда Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Назгүл Қазиева «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бұл марапат — оның мәдениет саласына сіңірген еңбегінің бағалануы.

Назгүл апай өзі таңдаған мамандығын мақтан тұтады. Ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста еңбек етіп, оқырмандарға қызмет көрсетуді жалғастырып келеді.

Анасының жолын жалғап, 38 жылын кітапхана ісіне арнаған Назгүл Қазиеваның еңбек жолы мамандыққа адалдықтың үлгісі.

Кітапхана сөресіндегі әр кітаптың өз оқырманы бар. Ал сол кітап пен оқырманның арасын жалғап жүрген жандардың еңбегі де осындай ұзақ жылдармен, күнделікті көзге көрінe бермейтін адал қызметпен өлшенеді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АУДАН ӘКІМІ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ




Ойыл кәсіптік колледжінде аудан әкімі Сәкен Займолдиннің шаруа қожалықтарының төрағаларымен кездесуі өтті. Басқосуда ауданның ауыл шаруашылығы саласында жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңге жоспарланған міндеттер мен саладағы өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу барысында Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы А.Алдияр мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры И.Сабиржанов баяндама жасап, жыл ішінде жүзеге асырылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы мәлімет берді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласын дамыту бағытындағы басым міндеттерге тоқталды.

Жиында шаруа қожалықтарының жұмысын жандандыру, ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді талқылау және шаруалардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау мәселелеріне басымдық берілді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып отырған шаруалардың пікірін ескеру мен олардың бастамаларын қолдау да кездесудің маңызды бағыттарының бірі болды.

Кездесу соңында аудан әкімі С. Займолдин шаруа қожалықтарының төрағаларымен ашық диалог өткізіп, еркін пікір алмасуға мүмкіндік жасады. Өз кезегінде шаруалар өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салып, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Қатысушылар көтерген мәселелер бойынша жауаптар беріліп, ұсыныстар назарға алынды.

Мұндай кездесулер ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға, шаруалар мен жергілікті атқарушы орган арасындағы байланысты нығайтуға және алдағы жұмыстардың бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ашық пікір алмасу арқылы шаруалардың ұсыныстарын ескеріп, ауданның ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамытуға жол ашады.



ОЙЫЛ ӨЗЕНІНЕ БАЛЫҚ ЖІБЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

13 қазанда көпірді реконструкциялау жұмыстары барысында келтірілген балық шығынын өтеу мақсатында Ойыл өзеніне балық жіберу жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға мердігер ұйымның, тапсырыс берушінің және Тобыл–Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының мамандары қатысты.

Аталған жұмыстар өзендегі балық қорын толықтыру және су айдынындағы табиғи тепе-теңдікті сақтау мақсатында ұйымдастырылды. Өйткені судағы тіршілік дүниесін қорғау мен балық қорын сақтау – қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызды бөлігі.

Ойыл өзенінің табиғи байлығын сақтау үшін мұндай шаралардың маңызы зор. Балық жіберу жұмыстары келтірілген шығынның орнын толтыруға және өзеннің балық қорын сақтауға бағытталған.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ: *100 ОРЫН, 78 ЖОЛДАМА*

ЖҰМЫС ІЗДЕГЕН ЖАНҒА ЛАЙЫҚТЫ ҚЫЗМЕТ ТАБУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. АЛ ЖҰМЫС БЕРУШІ ҮШІН ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫ КЕЗДЕСТІРУ ДЕ ОҢАЙ ЕМЕС. ОСЫ МАҚСАТТА ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ.



Жәрмеңкеге аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов, «Мансап» орталығының басшысы Артур Берекенов, аудан орталығындағы мекемелер мен ұйымдардың өкілдері және ауылдық округтерден келген жұмыс берушілер қатысты.

Жиын барысында 54 мекеме мен ұйым 100 бос жұмыс орнын ұсынды. Ұсынылған қызметтердің басым бөлігі жылу қазандығының операторы мен киім ілуші мамандықтарына тиесілі болды. Жұмыс іздеушілер жұмыс берушілермен тікелей тілдесіп, өздеріне қолайлы қызмет түрлері туралы мәлімет алды.

Жәрмеңкеге барлығы 101 адам қатысып, олардың 78-іне жұмысқа орналасу үшін жолдама берілді. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді байланыстыратын маңызды алаң. Мұндай шаралар тұрғындардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, тұрақты жұмысқа орналасуына жол ашады.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.

АҚЫЛДЫҢ АЛАҢЫ — АТАЛАР ДОДАСЫ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНДА АРДАГЕР АТАЛАР АРАСЫНДА ШАХМАТ ПЕН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН «ШАХМАТ ПЕН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – АҚЫЛДЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ» АТТЫ ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС ӨТТІ. 16 ҚАЗАН КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІНІҢ БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАП, ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР МЕН ЗИЯТКЕРЛІК СПОРТ ТҮРЛЕРІН НАСИХАТТАУ.



Сайысқа Ойыл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев, аудандық архив мекемесінің басшысы Мұратбай Айдарбаев, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұхамбетқалиев және ардагер аталар қатысты.

Алғашқы құттықтау сөз сөйлеген Болат Бақтыгереев қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай басқосулардың аға буын өкілдерінің басын қосып, өзара сыйластық пен белсенділікті арттырудағы маңызына тоқталды.

Зияткерлік сайыста қатысушылар шахмат пен тоғызқұмалақтан өзара бақ сынап, ой ұшқырлығы мен шеберліктерін көрсетті. Жарыстың әділ өтуіне Мұратбай Айдарбаев, Бақберген Мұхамбетқалиев және орталық басшысы Жангүл Ізғарина төрелік етті.

Сайыс қорытындысы бойынша шахматтан Өтесін Қабекешов бірінші орынды иеленсе, Мұқан Тлеубаев екінші, Болат Бақтыгереев үшінші орынға тұрақтады. Ал тоғызқұмалақтан Өтеген Сағатов үздік атанса, Биғали Ахметов екінші, Сәуірбай Ұлықпанов үшінші орынға ие болды.

Жеңімпаздар мадақтамалармен және медальдармен марапатталды. Сайыстың ерекшелігі – қатысушылар арасында сексен жастан асқан қариялардың да болуы. Жас ұлғайса да, зеректігін шыңдап, ой еңбегінен қол үзбеген аталардың белсенділігі көпке үлгі болды. Сондай-ақ жарысқа қатысу үшін Саралжын ауылдық округінен арнайы келген Өтесін ағаның ынта-жігері де атап өтуге тұрарлық.

Осындай шаралар ардагерлердің бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына жол ашады. Шахмат пен тоғызқұмалақ арқылы ойлау қабілетін шыңдап, өзара тәжірибе алмасқан аталар кейінгі ұрпаққа да үлгі көрсетті.

Аға буынның ақыл-парасаты мен өмірлік тәжірибесі – ұрпақ үшін баға жетпес қазына. Ақылдың алаңында бас қосқан аталарымыз аман болып, ортамыздың сәні мен ұрпақтың өнегесі бола берсін!